

## Сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы (2006 жылғы 1 қыркүйектегі)

### Сақтандыру сыйлықақылары


Ағымдағы жылдың сегіз айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2005 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемінен 80,8%-ке көп болып, 76. 121,4<sup>1</sup> млн. теңге болды.

#### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.09.2005ж.	01.09.2006ж.		1.09.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
		Сумма	доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	42 102,7	76 121,4	100,0	80,8
Міндетті сақтандыру	8 404,2	10 751,2	14,1	27,9
Ерікті жеке сақтандыру	5 202,0	7 584,4	10,0	45,8
Ерікті мүлдіктік сақтандыру	28 496,5	57 785,8	75,9	102,8

Кестені қарағанда 2006 жылғы 1 қыркүйектегі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 27,9%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 45,8%-ды, ерікті мүлдіктік сақтандыру бойынша – 102,8%-ды құрады.



2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

<sup>1</sup> сомасы Қазақстан Республикасының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегерергенде, көрсетіліп отыр

<sup>1</sup> сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования от страховых (перестраховочных) организаций Республики Казахстан

**міндетті сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 40,9% (4.401,3 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша, 35,7% (3 838,0 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, экологиялық сақтандыру бойынша - 8,8% (944,2 млн. теңге), қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша – 6,1% (660,0 млн. теңге) болды.

**ерікті жеке сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,8% (3 320,9 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 25,8% (1 956,0 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 20,9% (1 584,7 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 8,7% (662,0 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 36,5% (21 111,2 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша – 30,0% (17 348,4 млн.теңге), мүлікті сақтандыру бойынша – 20,5% (11 842,6 млн.теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,4% (3 114,7 млн. теңге) болды.


*млн. теңге*

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.09.2005ж.		1.09.2006ж.		1.09.2005ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі %-бен	Сомасы	Үлесі %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	42 102,7	100,0	76 121,4	100,0	80,8
Өмірді сақтандыру	828,5	2,0	2 246,7	3,0	2,7 есе
Жалпы сақтандыру	41 274,2	98,0	73 874,7	97,0	79,0

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2 246,7 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 2,7 есе көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2005 жылғы 1 қыркүйектегі 2,0%-ға қарсы есепті күні 3,0% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2006 жылғы сегіз айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 73 874,7 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы осындай кезеңге қарағанда 79,0%-ға көп.



2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша өткен есепті күндермен салыстырғанда үлесі сақтандыру сыйлықақыларын жинау бойынша 51,6%-ды құрайтын 5 сақтандыру компаниялары-көшбасшыларының арасында бірқатар өзгерістер байқалды. Олардың ішінде: «Еуразия» СК» АҚ – 13,2%, "БТА сақтандыру" АҚ – 13,1%, "Казахинстрах" КШС" АҚ – 10,1%, «Лондон-Алматы» СК» АҚ – 8,2%, «Алматы халықаралық сақтандыру тобы» СК» ААҚ - 7,0%.

2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ҚР резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру компанияларының жинаған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 13,7% (10 409,0 млн. теңге) болып отыр.


#### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 29 661,5 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 38,9%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 34,2%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 3 171,7 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 149,2 млн.теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.09.2005ж.		1.09.2006ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	14 593,1	34,7	29 661,5	38,9
резидент еместерге	11 706,7	27,8	26 056,3	34,2
резидентам	2 886,4	6,9	3 605,2	4,7
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	124,1	0,3	149,2	0,2

**Елдер бойынша сақтандыруға берілген сыйлықтарының құрылымы /  
Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам**



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықтарының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 93,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 4,4%, міндетті сақтандыру бойынша – 2,3% болды.

### Сақтандыру төлемдері

2006 жылғы сегіз айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 22,9%-ға өсіп, 7 278,1 млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 9,6% (703,5 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.09.2005ж.	1.09.2006ж.		1.09.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
		сомасы	үлесі %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	5 922,7	7 278,1	100,0	22,9
Міндетті сақтандыру	2 009,7	3 124,9	43,0	55,5
Ерікті жеке сақтандыру	993,4	1 203,3	16,5	21,1
Ерікті мүліктік сақтандыру	2 919,6	2 949,9	40,5	1,0


1.09.2006ж. жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 57,7 % (1 802,6 млн.теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 25,9% (808,7 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 15,5% (484,2 млн.теңге) болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 70,1% (844,4 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 14,4% (173,4 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 6,7% (81,0 млн. теңге) төлемдер болды.

**ерікті мүлiктiк сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерiнiң 43,0% (1 268,4 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлiгiн сақтандыру бойынша – 23,8 % (703,0 млн. теңге), мүлiктi сақтандыру бойынша – 18,2% (537,6 млн. теңге) болды.

При рассмотрении произведенных страховых выплат по классам страхования, по состоянию на 1.09.2006г., можно отметить следующее:



2006 жылғы сегіз айында жасалған сақтандыру төлемдерiнiң жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерiнiң мейлiнше көп көлемi көлiк құралдары иелерiнiң азаматтық-құқықтық жауапкершiлiгiн мiндеттi сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердiң жиынтық сомасының 24,8%-i болды.

### Сақтандыру рыногы жөнiнде жалпы мәлiметтер

2006 жылғы 1 қыркүйектегi жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 39 сақтандыру ұйымы (оның iшiнде: 4 - өмiрдi сақтандыру бойынша, 5 - Қазақстан Республикасының резидент еместерiнiң қатысуымен), 11 сақтандыру брокерлерi және 33 актуарийлер лицензиялық қызметтi жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.09.2005ж.	01.09.2006ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның iшiнде	37	39
резидент еместердiң қатысуымен	5	5
өмiрдi сақтандыру бойынша	3	4
Сақтандыру брокерлерiнiң саны	10	11
Актуарийлер саны	28	33

Есептi күнге 31 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдерiне кепiлдiк беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2006 жылғы 1 қыркүйектегi жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының төлем қабiлеттiлiгi маржасының жиынтық мөлшерi 42 441,3 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

Қаржы көрсеткіштері	1.09.2005ж.		1.09.2006ж.		1.09.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі %-бен	Сомасы	үлесі %-бен	
Жиынтық активтер	60 444,8		111 208,1		84,0
Міндеттемелер	22 152,5		47 856,4		116,0
оның ішінде таза сақтандыру резервтері	17 872,1		41 115,3		130,1
Басқа да міндеттемелер	4 280,4		6 741,1		57,5
Меншікті капитал (баланс бойынша)	38 292,3		63 351,7		65,4

Есепті күнге резидент еместерінің қатысуымен сақтандыру ұйымдарының жиынтық жарғылық капиталы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық төленген жарғылық капиталының 2 317,6 млн.теңге немесе 8,7%-ы болды, ал шетелдік капиталының үлесі төленген жарғылық капиталының жалпы сомасында 7,9% болды.


**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы 1 қыркүйекте 111 208,1 млн. теңге болды, бұл 2005 жылғы 1 қыркүйектегі осындай көрсеткіштен 84,0%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	1.09.2005ж.		1.09.2006ж.		1.09.2005 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі %-бен	Сомасы	үлесі %-бен	
	<i>млн. теңге</i>				
Деньги	4 397,8	7,3	7 322,2	6,6	66,5
Орналастырылған салымдар	11 194,7	18,5	19 521,3	17,6	74,4
Бағалы қағаздар	28 470,3	47,1	55 865,8	50,2	96,2
"Обратное РЕПО" операциясы	3 409,0	5,6	10 549,4	9,5	В 3,1 раза
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	6 011,9	9,9	8 573,4	7,7	42,6
Негізгі қаражат	2 017,0	3,3	2 313,5	2,1	14,7
Материалдық емес активтер	92,6	0,2	211,5	0,2	В 2,3 раза
Басқа дебиторлық берешек	2 183,2	3,6	3 145,8	2,8	44,1
Басқа активтер	2 668,3	4,5	3 705,2	3,3	38,9
Активтер жиынтығы	60 444,8	100,0	111 208,1	100,0	84,0


Жалпы алғанда, 2006 жылғы сегіз айында сақтандыру ұйымдары активтерінің сомасы 51,6 % -ға (37 861,8 млн. теңгеге) өсті.

Инвестициялық портфель	1.01.2006ж.		1.09.2006ж.		1.01.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі %	Сомасы	үлесі %	
	<i>млн. теңге</i>				
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	21 077,1	38,2	17 971,1	20,9	-14,7
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	12 907,9	23,4	19 521,3	22,7	51,2
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	20 821,2	37,7	42 452,3	49,4	103,9
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	385,6	0,7	791,7	0,9	105,3
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	-	-	72,8	0,1	-
Халықаралық қаржылық ұйымдардың бағалылары	-	-	5 127,3	6,0	-
Жиынтығы	55 191,8	100,0	85 936,5	100,0	55,7

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.01.2006г. (%)




Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.09.2006г. (%)



2006 жылы сегіз айында сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфелі құрылымындағы ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 37,7%-дан 49,4%-ға дейін ұлғайды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарының үлесі 23,4%-дан 22,7%-ға дейін кеміді, ал ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 38,2%-дан 20,9%-ға дейін кеміді.

Активтерді?, меншіктік капиталды?, таза сақтандыру резервтерінің серпінділігі, млрд. тенге



**Міндеттемелер.** 2006 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 116,0%-ке өсе отырып 47 856,4 млн. тенге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша (қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып) қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 41 115,3 млн. тенге болды, бұл 2005 жылғы 1 қыркүйекте қалыптасқан резервтер көлемінен 116,0%-ға артық. Есепті күндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 20 142,5 млн. тенге болды.

## Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.09.2005ж.	01.09.2006ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	7 453 <sup>2</sup>	8 725 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,56	0,87 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-пен	0,51	0,73
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-те	0,81	1,27
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	2 807	5 075

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

Информация подготовлена Агентством Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций.

<sup>2</sup> - за 2005 год по данным Агентства по статистике

<sup>3</sup> - прогнозные данные на 2006 год (МЭБП)

<sup>4</sup> - страховые премии, принятые за январь-август 2006 года